

Біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану туралы қадамдық нұсқаулық		
Қадам	Сипаттама	Дайындық кезеңі
1 Қадам	pki.gov.kz (сілтемені басыңыз) сайтында электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦК) алыңыз	Дайындық кезеңі
2 Қадам	Өзіңіздің дербес компьютеріңізге NCAlayer қосымшасын орнатыңыз, оны pki.gov.kz (сілтемені басыңыз) сайтынан жүктеп алуға болады	Сұрақтар туындаған жағдайда, Сіз Азаматтарға арналған үкіметке жүгіне аласыз, байланыс орталығының нөмірі - 1414
3 Қадам	Қолжетімді соманы cabinet.enpf.kz (сілтемені басыңыз) жеке кабинеттен тексеріңіз	Қолжетімді сома, жеткіліктілік шегі туралы сұрақтар бойынша БЖЗҚ-ға хабарласуыңызға болады, байланыс орталығының нөмірі - 1418
4 Қадам	Платформада өтінім бергенге дейін ЖССБ24 мобильді қосымшасы арқылы арнайы ағымдағы шот ашуды ұсынамыз	БЗТ-ні басқаға беруді жоспарлау кезінде басқаға беруші және қабылдаушы тараптар арнайы ағымдағы шот ашу қажет. Банктің қазіргі клиенттері арнайы ағымдағы шотты Интернет - банкинг/ЖССБ24 мобильді қосымшасы ("операциялар" бөлімінде)/ hcsbk.kz сайтынан Видеоқоңырау арқылы аша алады Жаңа клиенттер арнайы ағымдағы шотты - ЖССБ24 мобильді қосымшасы/hcsbk.kz сайтынан Видеоқоңырау арқылы аша алады Сұрақтар туындаған жағдайда, сіз Отбасы Банкінің байланыс орталығына 300 (ұялы телефоннан қоңырау шалу тегін) нөмірі хабарласа аласыз
Жеке кабинеттегі жұмыс кезеңі		
5 Қадам	enpf-otbasy.kz (сілтемесіне басыңыз) платформасына кіріңіз және бірінші зейнетақы төлемдеріңізді (БЗТ) қандай мақсаттарға пайдалана алатындығыңызды, сондай-ақ қажетті мақсатты растау үшін қажетті құжаттар тізімін зерттеңіз.	БЗТ-ні пайдалануға өтінім беру порталдың web-нұсқасында ғана жүзеге асырылады, яғни смартфон арқылы сіз өтінім бере алмайсыз.
6 Қадам	Өзіңіздің ЭЦК пайдалана отырып, enpf-otbasy.kz платформасында авторизациядан өтініңіз	Сіздің дербес компьютеріңізде NCAlayer қосымшасы орнатылған болуы қажет
7 Қадам	БЗТ-ні пайдалану тәсілін таңдаңыз: <i>1) өзіңіздің БЗТ (туыстарынан берілгендерін қоса алғанда);</i> <i>2) жұбайына немесе жақын туысына БЗТ беру</i> - егер сіз өзіңіздің жақын туысыңызға БЗТ бергіңіз келсе, осы әдісті таңдау қажет. БЗТ қаражатын беру бойынша толық нұсқаулықты Банктің сайтынан жүктеуге болады.	Егер сіздің жақын туысыңыз өзінің БЗТ қаражатын сізге беруді жоспарласа, сізге алдымен ЭЦК пайдалана отырып, платформада авторизациядан өту және қажетті үш құжатқа - өтінішке, келісімге және міндеттемеге қол қою қажет. Келесі қадам - жұбайыңыздан/жақын туысыңыздан БЗТ қаражатын сізге беру өтінімін қалыптастыру болып табылады. Қабылдаушы тарап арнайы ағымдағы шотқа қаражат аударылғаннан кейін БЗТ-ні пайдалануға өтінім қалыптастыруы қажет. Жақын туыстар - бұл ата-аналар (әкесі немесе анасы), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інелері мен апа-сіңлілері (қарындастары), ата, әже, немерелер. Сізге туыстық байланысты растайтын құжаттарды дайындап қою қажет.
8 Қадам	БЗТ пайдалану мақсатын таңдаңыз. Шарттарымен және мақсатты растауға қажетті құжаттармен қайта танысыңыз	
9 Қадам	Пайдаланғыңыз келетін БЗТ сомасын көрсетіңіз	cabinet.enpf.kz жеке кабинеті арқылы қолжетімді соманы тексере аласыз
10 Қадам	Біржолғы зейнетақы төлемінің сомасынан жеке табыс салығын (ЖТС) ұстап қалу тәсілін таңдаңыз: бір рет толық көлемде/зейнеткерлік жасқа толуына байланысты зейнетақы төлемдерінің кестесіне сәйкес ай сайын тең үлестермен	жеке табыс салығын төлеуге қатысты барлық мәселелер бойынша БЖЗҚ-ға хабарласуыңызды сұраймыз. "Зейнеткерлік жасына жетуіне байланысты зейнетақы төлемдерінің кестесіне сәйкес ай сайын тең үлестермен" - өтінім берген кезде "СОМА" жолында жеткіліктілік шегінен асатын барлық соманы көрсетуіңізге болады. Егер жеткіліктілік шегінен асатын сома 1 млн. тг. болса, онда сіз 1 млн.тг. деп көрсете аласыз "Бір рет толық көлемде" - өтінім берген кезде "СОМА" жолында 10% салық шегерілген БЗТ сомасын көрсету қажет. Егер жеткіліктілік шегінен асатын сома 1 млн. тг. болса, онда 900 мың тг. деп көрсету қажет
11 Қадам	Сізге жақын туысыңыздан берілген БЗТ қаражатын пайдаланған жағдайда, осы соманы көрсетіңіз	Егер сіздің жұбайыңыз/жақын туысыңыз өз БЗТ қаражатын сізге беруді жоспарласа, онда сіздің арнайы ағымдағы шотыңызға ақша қаражатының түсуін күту қажет және осыдан кейін ғана келесі әрекеттерді жүзеге асыру қажет. Қабылдаушы тарап арнайы ағымдағы шотқа қаражат аударылғаннан кейін БЗТ-ні пайдалануға өтінім қалыптастыруы қажет. Егер сіздің арнайы ағымдағы шотыңызға ЖБЕК-нің қаражаты жұбайыңыздан/жақын туысыңыздан түскен жағдайда, онда өтінімде берілген қаражатты пайдалану туралы "қанат белгісін" қою қажет.
12 Қадам		"Өтінімді қалыптастыру" батырмасын басыңыз және оған ЭЦК көмегімен қол қойыңыз
Жеке кабинеттегі жұмыс кезеңі		
13 Қадам	Сізге қол қою керек: "Біржолғы зейнетақы төлеміне өтініш"; "Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес біржолғы зейнетақы төлемінен жеке табыс салығын ұстап қалу туралы өтініш" "Бірінші кредиттік бюродан өтініш беруші туралы деректерді алуға және беруге келісімі" - осы келісімге қолданыстағы ипотекалық қарызды өтеу/ипотекалық қарызды ресімдеу үшін ЕДБ-ға бастапқы жарнаны енгізу туралы өтінімнің мақсатын таңдаған жағдайда қол қойылады	Бұрын сіз табыс салығын төлеу тәсілін таңдадыңыз, осыған байланысты тиісті өтініштерге қол қою қажет
14 Қадам	Жүйе сізде БЗТ есептеу үшін арнайы ағымдағы шоттың ашылғанын тексереді	
15 Қадам	Егер арнайы шотыңыз болмаса, жүйе сізге сол терезеде автоматты түрде хабарлайды: <i>Егер сіз Отбасы банкінің клиенті болсаңыз, платформада арнайы ағымдағы шотты аша аласыз.</i> <i>Егер сіз Отбасы банкінің клиенті болмасаңыз, 4-қадамға сәйкес арнайы ағымдағы шот ашу қажет</i>	Бұл қадамды орындау уақыты 15 минуттан аспайды , алайда платформадағы өтінімдер санының көптігіне байланысты көбірек уақыт қажет болуы мүмкін.

16 Қадам	Арнайы ағымдағы шот ашылған және тиісті құжаттарға қол қойылған кезде уәкілетті оператор БЖЗҚ-ға сұратуды жүзеге асыратын болады.	<p>Бұл қадам 2 жұмыс күніне дейінгі уақытты алады</p> <p>Егер сізде басқа банктерде арнайы ағымдағы шот ашылған болса, Отбасы банк платформасын пайдалану кезінде сізге Отбасы банкте арнайы ағымдағы шот ашу қажет.</p> <p>Егер арнайы ағымдағы шотты ашу кезінде платформада "арнайы шотты онлайн ашу мүмкін емес" мәртебесі шығарылса, бұл жағдайда сіз талон бойынша кезекті алдын ала брондап, Банк бөлімшесіне жүгіне аласыз - бұл www.hcsbk.kz Банктің сайтында жасалады (сілтемені басыңыз)</p> <p>Немесе кеңес алу үшін 300 нөмірі (уялы телефоннан қоңырау шалу тегін) арқылы Отбасы банктің байланыс орталығына қоңырау шалыңыз)</p>
17 Қадам	БЖЗҚ тарапынан өтінімді тексеру және қаражатты сіздің арнайы ағымдағы шотыңызға аудару. <i>Егер сома алу үшін жеткіліксіз болса – бас тарту келеді - бұл жағдайда Сізге БЗТ-нің дұрыс қолжетімді сомасымен қайталама өтінім жіберу қажет болады; Егер сома жеткілікті болса, қаражат Сіздің арнайы шотыңызға түседі.</i>	Бұл қадам 3-тен 5 жұмыс күніне дейін созылады
18 Қадам	Алақай! Сіздің арнайы ағымдағы шотыңызға БЗТ қаражаты түсті	<p>Арнайы ағымдағы шотқа түскені соманы ЖССБ24 мобильді қосымшасы арқылы тексере аласыз.</p> <p>Осы сәттен бастап сіз БЗТ қаражатының мақсатын растау және аудару үшін 45 жұмыс күнін санай бастайсыз.</p>
Мақсатты растау кезеңі		
19 Қадам	PDF форматында қажетті құжаттарды сканерлеңіз	Құжаттар тізімін сіз платформадағы Жеке кабинеттен көре аласыз.
20 Қадам	БЗТ қаражатының мақсатты пайдаланылуын растау үшін файлдарды жүктеңіз, мақсаты бойынша БЗТ аудару үшін деректемелерді көрсетіңіз.	<p>Құжаттың форматы PDF, өлшемі 100 мб аспауы керек. Файлдар оқылатын түрде болуы керек. Әйтпесе, сіздің құжаттарыңыз тексеруден өтпейді және қайта тексеру үшін кері қайтарылады.</p> <p>Деректемелерді толтыру үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> Егер сізде БЗТ-ні пайдалану мақсаты - жалдау шарты бойынша ішінара/толық өтеу; ипотекалық қарыз бойынша ішінара/толық өтеу; ипотекалық қарызды ресімдеу үшін бастапқы жарнаны енгізу болса - платформада деректемелерді ашылмалы тізімнен таңдау қажет. Егер сізде БЗТ-ні пайдалану мақсаты - тұрғын үйді толық сатып алу (ипотекалық қарызды ресімдемей); тұрғын үй салу; емдеу болса - деректемелерді сіздің мақсатыңызға қарай дербес енгізу қажет.
21 Қадам	"Өтінімді жіберу" батырмасын басыңыз	
22 Қадам	Уәкілетті оператордың БЗТ-нің мақсатты пайдаланылуын растаушы құжаттарды тексеруі	Бұл қадам 10 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады
23 Қадам	Алақай! Уәкілетті оператор қаражатты таңдалған мақсатты пайдалану бойынша аударды. Мақсатты растау.	Өтінім құжаттар мен деректемелердің дұрыстығына тексеріледі, оң нәтиже болған жағдайда қаражат көрсетілген деректемелер бойынша жіберіледі.